

Хаттама №1

20.10.2022ж

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде
мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқандар:

- 1) Мектеп директоры: Сулейменова К.С.
- 2) Тәрбие ісінің меңгерушілері: Е.Маканов, А. Шорабекова, Р.Жусипова
- 3) Мектеп инспекторы: Б.Абдукадиров
- 4) Әкелер мектебінің төрағасы: Т.Мырзагелдиев

Күн тәртібінде:

- 1) Балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, бала еңбегін болдырмау, кәлетке толмағандардың қағыбастық пен зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу.
Баяндамашылар: мектеп инспекторы Б.Абубакиров, ДТЖО Е.Маканов
- 2) Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.
Баяндамашы: А.Қасымбекова
- 3) Жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы.
Баяндамашы: ДТЖО А.Шорабекова
Мектеп директоры: К.Сулейменова
- 4) «Сыбайлас жемқорлық –ғасыр індеті»
Баяндамашы ДТЖО Р.Жусипова
- 5) Қорытынды

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.Сулейменова мектепшілік ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырып өтті.
Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Е.Маканов баяндама жасады. «Балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, бала еңбегін болдырмау, кәметке толмағандардың қағыбастық пен зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу жұмыстары жүргізіп жатыр. 2021-2022оқу жылында жалпы оқушылар саны-691; оның ішінде 1-4 сыныптарда-297, 5-11 сыныптарда-397 оқушы, 32 сынып комплексі мен 32 сынып жетекші жұмыс атқаруда.

Мектебімізде оқитын аз қамтамасыз етілген әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасынан шыққан, жартылай жетім және көп балалы аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларға Республикалық бюджет есебінен 75 ноутбук, 9 компьютер, 10 планшет пен қамтамасыз етілсе, демеушілердің атынан 2 планшет, ауыл мешітінен 8 смартфон берілді. Жалпы 104 отбасының 328 баласы сабаққа толық қатыстыру мақсатында қамтылды. Мектептің 681 оқушысының 328-і яғни 48% оқушы ақпарат құралдарымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар аз қамтамасыз етілген ілекметтік көмекке мұқтаж отбасынан шыққан, жартылай жетім және көп балалы аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларға Республикалық бюджет есебінен жазғы демалыс кезін тиімді өткізу мақсатынан Төлеби ауданындағы «Біркөлік шатқалы»

оқушы 1 реттік ыстық тамақпен қамтылса, 40 оқушы мектепке қажетті оқу құралдарымен, киім-кешекпен қамтамасыз етілді.

Оқу жылының басында 29.08.2021ж күні мектепте жүргізілетін тәрбие жұмысының жылдық жоспары бекітіліп, 31.08.2021ж «Жасөспірімдер арасында жыныстық тиіспеушілікке ғарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың талдын алу» туралы №127 (н) бұйрығы және 07.09.2021ж «Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу» туралы мектеп директорының №18 (н) бұйрығы шығарылып бекітілді.

Мектепте «Азамат» ұлдар кеңесі А.Ходжаназаровтың жетекшілігімен ватсап желісі арқылы жиналыстар мен іс-шаралар жүргізілсе, «Сымбат» қыздар ұйымы Ж.Көшапиеваның жетекшілігімен қыздарға кеңес беріліп, түрлі іс-шара жұмыс атқарылды.

Күзгі маусымдық жұмысқа байланысты бала еңбегін пайдалану салалары мен нысандарына қадағалау жұмыстары жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы бойынша мақта терім, көлік жуу қызметтері, дүкендерде сауда саттықпен айналысу сияқты жұмыс түрлерімен айналысып жатқана әлеуметтік факторлар себеп болып жатыр.

Сабак уақытында бала еңбегін пайдаланға жағдайда «ҚР-ғы Бала құқықтары туралы» Заңының 16 бабы 4 тармағы және «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның 3 бабы бұзылады. Осындай жағдайға жол берген ата-аналар жауапқа тартылады, әрбір ата-ана бала кәмелеттік жасқа келгенше асырауға, оқытуға міндетті.

Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ат-аналар комитетінің мүшелері мектеп инспекторымен бірге аптасына 2 рет түнгі рейд жұмысынтарын жүргізуде. Түнгі рейд кезінде сағат 11.00-ден 06.00-ге дейін көшеде ата-анасыз немесе заңды өкілсіз жүрген балалар ата-анасына ескертіледі. Түнгі рейд кезінде рұқсат етілмеген уақытта көшеде жүрген 11 Ә-сынып оқушысы Әзім Диас, Сайпназаров Пірназар және 8 Ә-сынып оқушысы Нүрсейіт Парманкүлдың ата-аналарына ескертілді. Мектептің ДТІЖО мен мектеп инспекторы ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізді».

Екінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологі А.Қасымбекова «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері» тақырыбына баяндама жасады.

«Бала тәрбиесі баршамызға ортақ екенің бәріміз жақсы білеміз. Қазіргі таңда қоғамда шешімін табылмай жатқан мәселелер көп. Соғардың бірі-жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекет. «Аутодеструктив»сөзі латын тілінен «қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы» деп аударылады. Аутодеструктивті әрекеттер, яғни ол алкоголь, темекі мен есірткі заттарын қабылдап, денсаулығына және психикасына зиян келтіруі, ішкі эмоционалды қуатын шығару негізінде, адамның өз-өзіне қол жұмсау себебіне соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай деп қарастырамыз. Аутодеструктивті мінез-құлық қалыпты дамуға, адамның психологиясына кері әсері етеді. Яғни, суицид ауырыжастар арасында мұндай дерттің кеңінен таралуы алаңдатарлық жағдай. Жалпы, жасөспірімдік кезең-адамның тұлға болып қалып тасуына әсер ететін маңызды фактор екенің түсінікті. Бұл кезең де олар нәзік жанды, тез уайымдауға, сәтсіздікке берілгіш болып келеді. Ал жеткіншектік шаққа аяқ басқанда адамның

болып келеді. Ал жеткіншектік шаққа аяқ басқанда адамның қалыптасуы сана-сезімнің дамуындағы өзгеріспен пен анықталды. Жасөспірім өзін ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылады. Бүгінде білім саласында осы тақырып жөнінде арнайы сабақтар өткізіліп, аутодеструктивті мінез-құлықты болдырмаудың жолдары кеңінен түсіндірілуде. Білім беру мекемелерінің психологтары аутодеструктивті мінез-құлық бойынша ерекше назардағы балалармен (аутодеструктивті мінез-құлық өлшемдері бойынша анықталған «тәуекел топ») жұмысты әлеуметтік педагогтармен, инспектормен, сынып жетекшілерімен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен өзара бірлесіп атқарыланады.

Жасөспірімнің күйзеліске душар болып жүргенін мынандай әрекеттерден де анық аңғаруға болады: Баланың мінез-құлқы өзгереді, тұйық бола бастайды, әңгімеден қашады, өте енжар, селкостық байқалады.

Мектепке бармаудың барлық амал-шарасын ойлап табады: «басым, ішім ауырып тұр, құсқым келеді» деген сияқты сылтауларды көбейеді. Мектепте болған жағдайлардан бас тартады, сабаққа барғысы келмей, әдейі ұйықтап қалады.

Әдеттегіден гөрі ақшаны жиі сұрай бастайды, сылтауы көбейеді, тіпті ата-анасының қалтасына түседі. Демек, ол қаржыны мектепте «мазасын алып жатқандарға» тасиды.

Кейбіреулері тіпті тұйықталып кетеді, ешкіммен сөйлеспейді, ал екіншілері өте ашуланшақ бола бастайды.

Оқу үлгерімі нашарлайды, зейінсіз болады».

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ДТІЖО А.Шорабекова баяндама жасады.

«Жыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы баяндама жасағанда ата-аналар аса мән беріп қарай қоймайтын тақырып ретінде қарайды.Көбінесе бұл мәселені «бала өзі біліп алады» деп түсінеді.Алайда бұл үлкен қате,балағажыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы үш жастан бастап тәрбие беру керек.Дәретке отыру,дәрет қағазын пайдалану, дұрыс жуыну (дәрет алу) сияқты түсініктерді ата-ана балаға кішкентайынан айтып отырса,үлкейгенде түсінбеген құбылыстарды сұраудан жасқанбайтын болады. Бұл тақырып төңірегінде мектепте атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік.Мектепте «Азамат» ұлдар , «Сымбат» қыздар ұйымы жұмыс атқарады.Ұлдар ұйымын А.Ходжаназаров ,қыздар ұйымын Ж.Көшалиева атқарды.Қыз балдармен 10.10.2022ж күні «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу», 12.11.22ж күні «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша мектеп мейірбикесі Н.Кульмуратова 7-11 сынып қыздарының арнайы чатына баяндама жасады .Ата-аналарға, сынып жетекшілерге,оқушыларға жыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы баяндамалар жасалып,сауалнамалар алынды.Өткен оқу жылының 9 қаңтарынан бастап қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып 9,11 сынып оқушылар оффлайн оқу режимін бастады,ал 1 сәуірден бастап ,осы талаптарды сақтай отырып 1-11 сынып оқушылары білім алуды оффлайн режимде жалғастырды.Балалардың қызығушылығы мен бос уақытын тиімді пайдалану бойынша 9 үйірме

калыптасуы сана-сезімнің дамуындағы өзгеріспен пен анықталды. Жасөспірім өзің ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылады. Бүгінде білім саласында осы тақырып жөнінде арнайы сабақтар өткізіліп, аутодеструктивті мінез-құлықты болдырмаудың жолдары кеңінен түсіндірілуде. Білім беру мекемелерінің психологтары аутодеструктивті мінез-құлық бойынша ерекше назардағы балалармен (аутодеструктивті мінез-құлық өлшемдері бойынша анықталған «тәуекел топ») жұмысты әлеуметтік педагогтармен, инспектормен, сынып жетекшілерімен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен өзара бірлесіп атқарыланады.

Жасөспірімнің күйзеліске душар болып жүргенін мынандай әрекеттерден де анық аңғаруға болады:

Баланың мінез-құлқы өзгереді, тұйық бола бастайды, әңгімеден қашады, өте енжар, селкостық байқалады.

Мектепке бармаудың барлық амал-шарасын ойлап табады: «басым, ішім ауырып тұр, құсқым келеді» деген сияқты сылтауларды көбейеді. Мектепте болған жағдайлардан бас тартады, сабаққа барғысы келмей, әдейі ұйықтап қалады.

Әдеттегіден төрі ақшаны жиі сұрай бастайды, сылтауы көбейеді, тіпті ата-анасының қалтасына түседі. Демек, ол қаржыны мектепте «мазасын алып жатқандарға» тасиды.

Кейбіреулері тіпті тұйықталып кетеді, ешкіммен сөйлеспейді, ал екіншілері өте ашуланшақ бола бастайды.

Оқу үлгерімі нашарлайды, зейінсіз болады».

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ДТЖО А.Шорабекова баяндама жасады.

«Жыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы баяндама жасағанда ата-аналар аса мән беріп қарай қоймайтын тақырып ретінде қарайды. Көбінесе бұл мәселені «бала өзі біліп алады» деп түсінеді. Алайда бұл үлкен қате, балағажыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы үш жастан бастап тәрбие беру керек. Дәретке отыру, дәрет қағазын пайдалану, дұрыс жуыну (дәрет алу) сияқты түсініктерді ата-ана балаға кішкентайынан айтып отырса, үлкейгенде түсінбеген құбылыстарды сұраудан жасқанбайтын болады. Бұл тақырып төңірегінде мектепте атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Мектепте «Азамат» ұлдар, «Сымбат» қыздар ұйымы жұмыс атқарады. Ұлдар ұйымын А.Ходжаназаров, қыздар ұйымын Ж.Көшалиева атқарды. Қыз балдармен 10.10.2020ж күні «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу», 12.11.20ж күні «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша мектеп мейірбикесі Н.Кульмуратова 7-11 сынып қыздарының арнайы чатына баяндама жасады. Ата-аналарға, сынып жетекшілерге, оқушыларға жыныстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы баяндамалар жасалып, сауалнамалар алынды. Өткен оқу жылының 9 қаңтарынан бастап қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып 9,11 сынып оқушылар оффлайн оқу режимін бастады, ал 1 сәуірден бастап, осы талаптарды сақтай отырып 1-11 сынып оқушылары білім алуды оффлайн режимде жалғастырды. Балалардың қызығушылығы мен бос уақытын тиімді пайдалану бойынша 9 үйірме

онлайн режимде жұмыс атқарды. Тек «Жас дарын» драма үйірмесі жет: Н.Уразымбетова үйірмені оффлайн режимде өткізді.

1. «Нұрлы болашақ» жас акындар үйірмесі ,жетекшісі Ә.Мұсақұл
2. «Жас суретші» бейнелеу өнері үйірмесі жет. Е.Кудембаев
3. «Шебер қолдар» колөнер үйірмесі жет: А.Смайлова
4. «Айбын» әскери-патриоттық клубы жет: Д.Мамыхов
5. «Дебат» пікірсайыс клубы жет: Д.Маметова
6. «Жас дарын» драма үйірмесі жет: Н.Уразымбетова

Сонымен спорт секциясынан күрес,волейбол,теннис жақсы жолға қойылып жүргізілді.Жетекшілері волейболдан Е.Қалдаров, теннистен М.Мырзабек,күрестен М.Дәуренов.Оқушыларымыз үйірме жұмысы бойынша жетістіктерге жетіп марапатталды. «Театр ғажайып әлемі» атты тәрбие салаасының «Театр сабақтары» жобасы аясында ауданнан қатарынан үш жыл бас жүлде алып,облыстан жүлделі 2 орын алды.

«Шебер қолдар» үйірмесі ,теннис,волейболдан облыстық республикалық марапаттауларға ие болды.Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу ,болдырмау мақсатында алдағы кезеңде жұмыстар атқарылады.

Оқушылардың жазғы демалысында аз қамтамасыз етілген ,көпбалалы отбасы балалары сауықтыру лагерлеріне жіберілді. Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру жұмыстары бойынша жалпы 692 оқушының 60-ы қамтылды. Алдағы уақытта жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша жұмыс жалғасады».

Төртінші мәселе бойынша баяндамашы ДТГЖО Р.Жусипова баяндама жасады.

«Сыбайлас жемқорлық-ғасыр індеті» баяндамасында біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз,жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса,бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Сыбайлас жемқорлық деген түсінік мағынасына этимологиялық қару мұны «параға сатып алу»латын сөзінен «corruptio» сөзінен алып анықтауға мүмкіндік береді.Ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру ,бүлдіру,бұзу зақымдау,жалғандау»деген түсінік береді.Мектепте адамгершілік психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған тиімді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын және құқықтық ұйымдастыру жауапты бастамашыл ,әлеуметті құзырлы азаматты тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Адал ұрпақ» ерікті клубы жұмыс атқарады.Жоспар түзіліп,бекітілген.Сынып сағаттары,дөңгелек үстел өткізіледі.Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылады.Алдағы уақытта «Адал ұрпақ»ерікті клубының жұмысы өз жалғасын табады.

Жарыссөзге шыққан әкелер мектебінің төрағасы Мырзагелдиев Тәжібай ағай:

- Баланың бойындағы ер мінезділік, өжеттілік, мәрттік қасиеттер әке арқылы қалыптасады. Әкенің бойындағы қасиет балаға беріледі немесе «жұғады». Қазір балабақшадағы, мектептегі тәрбие әйел адамдардың қолында екендігі де жасырын емес. Әсіресе осы кезеңде әкенің тәрбиеге араласуы өте маңызды. Мектеп қабырғасында жүріп қылмыстық іске барып жатқандар оқушылар да бар. Отбасы толық, беделді азаматтың балалары ұрлық іске барып, бүгінгі күні жауап беруде. Осындай іске барғызбай, бірлесе отырып жұмыс атқаруымыз керек,-деп өз ойын білдірді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Наурызова Бақтыгүл апай қыз бала тәрбиесіне байланысты өз көзқарасын білдірді.

- Орине, әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Сыйластық, түсіністік, зор жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады. Сонымен қатар, қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу керек. «Қызға қырық үйден тиым» демекші қыз тәрбиесіне жалпы қатал болуымыз керек. Өйткені болашақ ана атағына ие қыздар тәрбиесі нәзіктікпен қоса қаталдықты талап ететін өзекті мәселе. Ата-бабамыз қыз тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың дұрыс жағдайда тәрбие алып, болашақта ата-анасының бетіне салық түсірмеуін қадағалаған.

Қорытындылай келе, мектеп директоры К.Сүлейменова бала тәрбиесіне бір жақты қарауға болмайтынын, «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деп ата-бабамыз айтқандай ата-ана мен ұстаздар бірлесе жұмыс атқару керектігін, құқықбұзушылықтың алдын алу үшін мектепте іс-шаралар жоспары түзіліп, атқарылып жатқанын, 5 Ә-сынып оқушысы Нұртас Асхат Мұратұлының жеке мүлікке қол сұққаны анықталып, заң алдында жауап беріп жатқанын айтып өтті. Сондай-ақ баланың әрбір іс-қимылына көңіл бөліп, үнемі қадағалап отыру керек екенін, әрбір жамандықтың алдын алу керектігін ескертті.

Шешім етті:

- 1) Балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, бала еңбегін болдырмау, кәлетке толмағандардың қаңғыбастық пен зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу бойынша ата-аналар тарапынан қадағалау жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмыстар жандандырылсын.
- 2) Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мен суицидті болдырмау мақсатында іс-шаралар түзіп, мектептің педагог-психологтары алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
- 3) Жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін.
- 4) Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті клубының жұмысы жандандырылсын.
- 5) Мектептегі «Құқық кеңесі» жұмысы жалғастырылсын. Құрамына әкелер мектебінің төрағасы Т.Мырзагелдиев, ауыл медиаторы Т.Сүлеев және аймақтық инспекторы Б.Абдукадырөвтармен толықтырылып, жұмыс жандандырылсын.



Сүлейменова К.
Досханова М.